

**Әдеби аудармада қолданылатын қосу, ұлғайту,
қалдырылып кету, ауыстыру тәсілдері****Аннотация**

Мақалада әдеби аудармада аудармашылар жиі қолданатын амал-тәсілдерге назар аударылады. Мұндай тәсілдер аударматануда трансформациялау деп аталып жүр. Трансформациялардың түпнұсқа мәтініндегі түрлі ақпараттарды, мағлұматтарды дәл беру мақсатында қолданылатыны мысалдармен айқындалады.

Тірек сөздер: аударма, трансформация, кейіпкер, қосу, ұлғайту, қалдырылып кету, ауыстыру, диалог.

Көркем шығарманы бір тілден екінші тілге аудару барысында белгілі бір сөздің мағыналық құрылысы түпнұсқа мен аударма мәтінде бірдей сипатқа ие бола бермейтіндіктен, аудармашы аудару барысында түпнұсқаға бірқатар өзгертулер енгізеді. Себебі, мәтін оқырманға түсінікті, ұғынықты болу шарт. Әр тілде әр сөздің семантикалық құрылысы, қабылдаушыға прагматикалық әсері әркелкі болады, сондықтан да мәтін аудармашы тарапынан нақтыланады, белгілі бір ой дамытылады, тіл заңдылығына байланысты сөздердің орны ауыстырылады, лексикалық бірліктердің орнына сөз тіркестері қолданылады, стильдік бояу үстеледі, сөз мағынасы түрлендіріледі, сөздерді, сөз тіркестері алмастырады т.б. өзгертулер енгізіледі. Мұндай өзгертулер аударматануда трансформациялау деп аталып жүр. Трансформациялық тәсіл аударма зерттеушілері үшін түпнұсқа мен аударма мәтін арасындағы коммуникативтік, функционалдық қарым-қатынастарын айқындауға септігін тигізеді.

Аударматану саласында аударма трансформациялары көбінесе лингвистикалық тұрғыда қарастырылған. Ал, көркем аудармада қолданылатын кейбір амал-тәсілдердің қолданылуын түпнұсқа мен оның аудармасын қатар қойып салыстыра отырып қарастырайық. Аудармашы әдеби аудармада аталмыш амалдарды қолданғанымен, түпнұсқа тіліндегі идеялық мазмұнды аударма тілінде сақтай отырып жеткізуге міндетті.

Аударма барысында мәтінді оқырманға түсінікті етіп жеткізу үшін кейде **қосу тәсілі** қолданылады. Бірақ қосу керек екен деп қажетсіз нәрселерді қосудың керегі жоқ. Трансформацияның бұл түрі түпнұсқа мәтінде қалдырылып кеткен немесе мәтін астарында жасырын жатқан ойды, тілдік бірліктерді аударма мәтінде қалпына келтіріп, қосуға негізделген. Мысалы: «– *Аксақал, скажите – по какой дороге можно быстрее доехать до зимовки чабанов? – по-казахски спросил шофер.*

– Держитесь прямо, не собьетесь, – всадник повернулся, и мы увидели загорелое лицо русского парня.

– Вот тебе и аксакал! – рассмеялся я.

– Значит к нам едете? – спросил всадник по-казахски. [1 с.123].

Аудармасы:

...Шофер одан қазақша:

– Ақсақал, шопандар қыстауына қай жолмен тезірек жетуге болатынын айтып жібермейсіз бе? – деп сұрады.

– Тура жүрсең адаспайсың, – деді үстіндегі адам, онан соң бұрылып бізге қарады: күн мен желге тотыққан қою күрең жүзді орыс жігіті екен.

– Мәссаған, міне саған ақсақал! – деп күліп жіберіпін мен.

– Қайдан білейін. Жүзін көрген жоқпын зой, – деді қысылып қалған шофер

- Иә, сөйтіп, бізге қонаққа келе жатыр екенсіз зой, - деді түйе үстіндегі жігіт қазақ тілінде. [2,133 б.].

«загорелое лицо русского парня» бұл сөйлем қазақ тіліне «күн мен желге тотыққан қою күрең жүзді орыс жігіті екен» деп аударылған. Байқап отырғанымыздай аудармашы осы сөйлем арқылы орыс жігітінің шопандар қыстауында жұмыс істейтінінен хабар беріп тұр. Ал, «-Вот тебе и аксакал! – рассмеялся я» деп автор кейіпкердің таңырқауын қысқа ғана қайырса, аудармашы түпнұсқа мәтініндегі кейіпкердің айтқан сөзін сол күйінде емес, тек сол сәтте айтпақшы болған түпкі ойын береді: «Қайдан білейін. Жүзін көрген жоқпын зой, – деді қысылып қалған шофер» деп сөйлем қосады. Соңғы сөйлемде де ойды дамытып, «Иә, сөйтіп, бізге қонаққа келе жатыр екенсіз зой» деп «қонаққа» сөзін қосу арқылы да ойды дамытып ұлғайтады. Аудармадағы қосу тәсілімен ұлғайтуды ажырата білуіміз керек. **Ұлғайту тәсілінде**, мағынаны дамыту үшін сөз, сөйлем үстемелесе, қосу тәсілінде астарлы мағынаны ашып көрсетуге тырысады.

Ұлғайту тәсіліне мысал келтіре кетейік. « - Чабан на верблюде и рассыпавшиеся отары овец. Степь. Тишина. Пейзаж, рождающий успокоенность, располагающий к раздумьям. Такая картина с детства и навсегда остается в памяти любого степняка. Для меня это не только экзотика» [1,233 б.].

Аудармасы:

« - Түйеге мінген шопан жусай жайылған қойдың шетінде тұр. Дала. Құлаққа ұрған танадай тыныштық. Қалың ойға итеретін табиғат тылсымы... Міне мұндай көрініс әрбір қыр баласының есінде мәңгі сақталады. Солай емес пе? Сол даланы сүймеуің мүмкін емес қой. Мен үшін ол сырттай қызығарлық қана көрініс емес» [2,148 б.].

Аудармашы тыңдаушыға ерекше әсер ету үшін, өз тарапынан сөз қоса отырып, түпнұсқадағы ойды кеңейтіп, бейнелі түрде береді. «Тишина» сөзін «Құлаққа ұрған танадай тыныштық» деп тұрақты сөз тіркесімен берсе, экзотиканы – «мен үшін ол сырттай қызығарлық қана көрініс емес» деп ұлғайту арқылы, автор ойын нақтылай түседі. Сондай-ақ, аудармашы

«Солай емес пе? Сол даланы сүймеуің мүмкін емес қой!» деп лепті сөйлем қыстыру арқылы аудармаға эмоциялық реңк беруді көздеген.

Ал, аудармадағы **қалдырылып кету тәсілі** – қосу тәсіліне қарама-қарсы құбылыс. Қалдырылып кету ұғымының астында аударма барысында артық сөздердің түсіріліп кетуі меңзеледі. Мәселен, «Зейнеп апа сууга барғанда, «Саадат кетти, Саадат күйөөге чықты» - деген сөздү азыр эле угуп келди. **Өзүнүн, элден жашырган акыры болар иш, мына бүгүн эне томсоруп, үйүнүн ичин жаңы көргөндөй таң калып, тигилип карайт.** Үй оокат жетиштүү эле; бирок кызы болбогон соң эне үчүн баары бир тыйын» [3, 369-б.], – деген сөйлемдерді қазақ тіліндегі нұскасына аудару барысында да қалдырылып кеткен сөйлемдер бары байқалады.

«Зейнеп апай суға барғанда, «Саадат кетті, Саадат күйеуге тиді» деген сөзді жаңа ғана естіп келді. Үй ауқатты еді, бірақ қызы болмаған соң, ана үшін оның бәрі бір тиын» [4, 278-б.], – деп аудару барысында осы екі сөйлемнің ортасында тұруға тиісті, «өзінен, елден жасырғанмен акыры болатын іс, міне бүгін ана томсырайып, үйінің ішін жаңа көргендей таңқалып, тесіле қарайды» деп келетін сөйлем қалдырылып, бұл ой қысқа ғана «бәрі бір тиын» тіркесімен-ақ, беріліп тұр.

Сонымен қатар, белгілі бір ой мәтіннің басында, немесе соңында қайталанатын болса, аудармашы тарапынан оны қайталап беру қажетсіз деп табылады. Бұл ойымызға мысал келтіре кетейік.

Өзбек жазушысы Ш. Рашидовтың «Дауылдан да күшті» романының үшінші бөлімі «Хат» деп аталады. Түпнұсқада Айқыздың қалаға оқуға кеткен жары Әлімжанға хат жазғаны, хатта жарына деген сағынышын айтудан бастайды да, ауылдағы жаңа жер ашу турасындағы болған жиналыстағы дауды айтып, баяндаумен жалғасады. Аудармасында бұл бөлім «Хат» деп аталғанымен дәл осылай Айқыздың сағынышынан басталмайды. Алдына көп нүкте жіберіледі де, бірден «...Жорабаевтың кабинетінде аудандық партия комитетінің бюро мәжілісі болып жатыр еді...» [5, 20-б.], – деп онда болған жағдайды хатта мәлімдейді. Демек, бұл бөлімнің бас жағы қысқартылып қалған. Себебі, алғашқы екінші «Мөлдір бұлақ» бөлімінің аяғында Айқыз жарынан келген хатты кеудесіне қысып, іштей сағынышын жеткізгендігі суреттелгендіктен, аудармашы келесі бөлімінің бас жағында Айқыздың сезімін қайталауды жөн көрмей қысқартқандай.

Түпнұсқада қайталанып берілетін кейбір ой қайталаулар аударма барысында қысқартылғанымен мағыналық сәйкестік сақталыну керек.

Түпнұсқа мәтінмен салыстырғанда аударма мәтіндегі белгілі бір тілдік құралдардың өзгеруі **ауыстыру** деп аталады. Аударма барысында ауыстыру грамматикалық бірліктерде де, сөздерде, сөз таптарында, сөйлем мүшелерінде, синтаксистік байланыс түрлерінде болғандай, лексикалық бірліктер де кездеседі. Ауыстыру тек қана сөздер мен сөйлемдерде ғана емес, біртұтас сөйлемдер толығымен ауыстырылуы, жай сөйлемдер құрмалас сөйлемдерге ауыстырылады. Кейде шығармада кездесетін өлең жолдарының өлең күйінше аударылмай, тек мағынасы ғана беріледі. Түпнұсқадағы диалог жәй ғана сипатталып, сырттай суреттеліп кетуі мүмкін.

Мысалы: «Ошол замат нары күнөсте коргон таш куруп ойноп жаткан Тотойдун үч баласы шамырандашып, кыйқырышып, биринен бири озо, тызылдап жүгүрүп жөнөшөт.

– Ана Курмакем! Тигине!

– Атамдын каты!

– Атамдан кат келди!», деген сөйлөмдү, Қ.Нұрмаханов: «Осы кезде далада ыстық күн астында ойнап жүрген үш бала шешесінің дауысын есіте сала почтальонға қарай жарыса жүгірді. Олар: «Әкемнен хат келді» - деп, ауылды басына көтеріп, айқайлап келеді» [4, 374-б.], – деп аударған екен.

Аударма нұсқа мен түпнұсқа арасында жалпы мағыналық ұқсастық болғанымен, құрылымы мүлде сақталмаған. Түпнұсқада кездеспейтін «шешесінің дауысы», «почтальон», сөздерін аудармашы өз тарапынан қосып, оның есесіне түпнұсқада бар «Тотойдың», «тастан қора жасап», сөздерімен қоса, кейіпкерлердің диалог үлгісін де айтылатын эмоционалды сөздерін тастап кеткен. Десек те, аудармашы түпнұсқаның құрылысын толық сақтамай-ақ, қажетті жерінде түпнұсқадағы бір сөйлөмнен бірнеше сөйлөм құрса да, автордың идеясынан ауытқымаған.

Сонымен, аудармашы әдеби аударма жасау барысында оқырманның қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, аталмыш амал-тәсілдерді орнымен қолдануға, түпнұсқа тіліндегі идеялық бағытын аударма тілінде сақтай отырып жеткізуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алимжанов А. Синие горы. – Алматы: Жазушы, 1988. – 529 б.
2. Әлімжанов Ә. Көгілдір таулар. (ауд. С. Мұратбеков) – Алматы: Жазушы, 1948. – 432 б.
3. Айтматов Ч. Чыгармаларының жыйнағы. 5 том. – Бишкек, 1999. – 698 б.
4. Айтматов Ш. Жәмилә. (ауд. Қ. Нұрмаханов) – Алматы: Жазушы, 2005. – 2001 б.
5. Рашидов. Ш. Дауылдан да күшті. (ауд. Ә. Сатыбалдиев) – Алматы: ҚМКӘБ, 1959. – 286 б.

Резюме

В статье рассматриваются основные проблемы художественного перевода, анализируется передачи переводческий трансформации на казахскую языку из русский и киргизского текста.

Summary

In article the basic problems of literary translation, the comparative analysis trans from the Russian and Kirgiz in translation into Kazakh languages is carried out.